

Ы. Алтынсарин атындағы ЖОББМ

Х А Т Т А М А.

Қатысқандар:
Ұстаздар - 49.
Кіші қызметкерлер – 11.

08.09.2021ж.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты туралы түсіндіру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Г.Дүйсенова
ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015ж. 10қарашадағы Қазақстан Республикасы
Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу
мақсатында талаптарын жиналысқа қатысуышыларға жан-жақты түсіндірді. Осы заңда қамтылған
кейбір ұғымдарға түсіндірме жасады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бойынша сыбайлас
жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған
ұсынымдарға тоқталып өтті. Қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін
адамдардың мінез-құлық /іс-ірекеттері/ стандарттары туралы айттып өтті.

Сыбайлас жемқорлықты барынша азайту, сондай-ақ парасаттылық мәдениетін қалыптастыру
мақсатында білім беру үйімдарында әдеп кодекстері мен ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл зандарына байланысты ішкі бұйрықпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бекіту
қажеттілігін міндеттейтінін айтты.

Және осыған байланысты директордың бірінші орынбасарларынан әдеп пен сыбайлас
жемқорлыққа іс-қимыл жөніндегі лауазымдық міндетін атқару үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл жөніндегі уәкілі етіп бастауышының мұғалімі, Кесіподақ ұйымының төрайымы Б. Куспановы ұсынды. Және әдеп пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің
міндеттерімен таныстырып, жүктеді.

Жұмыс орнында және жұмыстан тыс уақытта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың,
сыбайлас жемқорлық қылмыстардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын
тиісті салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұddeлерін іске асыру қажеттілігін
атап өтті.

Ұжым мүшелері Г.Султангереева, К.Кондудаева мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы
саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне «мұлдем
төзбеушілік» жағдайын жасау арқылы сыбайлыс жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды
тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мәдениетті қалыптастыру бағытында өз ой пікірлерін ортаға салды.

Осыған орай күн тәртібіндегі мәселеге байланысты мектеп директоры Г.Дүйсенова Қазақстан
Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы, одан туындастырылған
жауапкершіліктер көзделген Кодекстерді басшылыққа алып, жұмыс жүргізу керектігі жөнінде
айтты. Заң үстемдігімен тұрақты түрде құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша
іс-шаралар өткізуін маңыздылығын түсіндіріп, жиынды қорытындылады.

Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы, одан туындастырылған
қылмыстық жауапкершіліктер көзделген Кодекстерді басшылыққа алып, жұмыс жүргізілсін.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі етіп, Кесіподақ ұйымының
төрайымы Б. Куспанова сайлансын

Жиналыс төрайымы:  Г.Дүйсенова

Хатшысы:  Н. Ержакаева